



**Іскерлік белсенділік өндірісте, көрсетілетін қызметтерде және саудада  
өсу аймағында қалды**

*2025 жылдың қыркүйек айындағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі*


Астана қ.

2025 жыл, 3 қазан

2025 жылдың **қыркүйек айында** іскерлік белсенділік **50,9** (тамызда 51,0) болып, өзгеріссіз қалды. Индикатор 2024 жылғы наурыздан бастап оң аймақта тұр.

Өндірісте, қызмет көрсету секторында және саудада белсенділік сақталды, онда индекс тиісінше **53,0**, **51,0** және **50,8** (тамызда – 53,8, 51,2 және 51,2) болып, өсу жағында қалды. Құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіштер теріс аймақта қалғанына қарамастан, **49,5-ке** және **49,3-ке** дейін (тамыздағы 48,1 мен 48,3-тен) жақсарғаны байқалды.

**1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ)\* динамикасы**



\* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

Кәсіпорындардың бизнес жүргізудің қазіргі және келешек жағдайын бағалауы нашарлауы себепті 2025 жылғы қыркүйекте **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** төмендеп, **10,3** болды. Алайда, жалпы көрсеткіштер оң бағаланып отыр, тиісінше бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу жағында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/көрсетілетін қызметіне сұраныс өсті, бірақ қарқыны баяу. Ең көп сұраныс өндірісте болды.

**Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)**

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)